

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ
МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ
ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ КОМИТЕТІ**

“ЖЕТІСУ” Өңіраралық мемлекеттік
мүлік және жекешелендіру
департаментінің
Алматы қаласы бойынша филиалы



**КОМИТЕТ ГОСУДАРСТВЕННОГО
ИМУЩЕСТВА И ПРИВАТИЗАЦИИ
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

ФИЛИАЛ ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
МЕЖРЕГИОНАЛЬНОГО ДЕПАРТАМЕНТА
ГОСУДАРСТВЕННОГО ИМУЩЕСТВА И
ПРИВАТИЗАЦИИ “ЖЕТІСУ”

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

11.10.2010 № 357

Алматы қаласы

город Алматы

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«А.В.Селезнев атындағы Алматы хореография училищесі»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның теңгеріміне Алматы қаласы,
Масанчи көшесі 67, мекенжайында орналасқан
жылжымайтын мүлікті беру туралы»*

Қазақстан Республикасының әділет министрлігінің Алматы қалалық Әділет басқармасының заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы №24909-1910-МК куәлігіне, №600700010152 салық төлеушісінің куәлігіне сәйкес, және «А.В. Селезнев атындағы Алматы хореография училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның 2010 жылғы 16 қыркүйектегі № 202 хатының негізінде «Жетісу» өңіраралық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің Алматы қаласы бойынша филиалы

БҰЙЫРАДЫ:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «А.В.Селезнев атындағы Алматы хореография училищесі» РМҚК-ның теңгеріміне жедел басқару құқығына Алматы қаласы, Масанчи көшесі 67 мекенжайында орналасқан ғимаратты, жалпы алаңы 9961,5 ш.м. белгіленген тәртіппен берілсін.
2. «А.В. Селезнев атындағы Алматы хореография училищесі» РМҚК-ны жоғарыда аталған нысандарға қабылдау-өткізу актісін рәсімдесін, және оны филиал бастығының бекітуіне ұсынсын.
3. «А.В. Селезнев атындағы Алматы хореография училищесі» РМҚК-ны берілген жылжымайтын мүлік нысандарын әділет органдарында тіркеуден өткізсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды заңды тұлғалармен жұмыс істеу бөлімінің бастығы Қ.Ж. Әлиевке жүктеймін.

«Жетісу» өңіраралық мемлекеттік
мүлік және жекешелендіру департаментінің
Алматы қаласы бойынша филиалының
бастығы



В. Дмитриев

002557 *

Қабылдап алу - өткізу
актісі

№ 342


2010ж. « 13 » 10

Алматы қаласы

«Жетісу» өңіраралық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің Алматы қаласы бойынша Филиалының 2010 жылғы 11 қазандағы № 357 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «А.В.Селезнев атындағы Алматы хореография училищесі» РМҚК-ның 2010жылғы 16 қыркүйектегі № 202 хатының негізінде, «Жетісу» өңіраралық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің Алматы қаласы бойынша филиалы, Алматы қаласы Масанчи көшесі 67 мекенжайында орналасқан ғимаратты жалпы алаңы 9961,50 ш.м. **табыс етті**, ал «А.В.Селезнев атындағы Алматы хореография училищесі» республикалық қазыналық кәсіпорыны теңгеріміне, жедел басқару құқығына мүлік нысандарын белгіленген тәртіппен қабылдап алды.

Табыс етті:

«Жетісу» өңіраралық мүлік және жекешелендіру департаментінің Алматы қаласы бойынша филиалының бастығы


В Дмитриев



Қабылдап алды:

РМҚК «А.В. Селезнев атындағы
Алматы хореография училищесі»


К.Мұрзаханова



Дрочуро 2
(1960) еуро

А. Б. Г. С. И.

